

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 11 (27),
маусым
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



«Үздік маман - 2019»: Ембіде үздіктер анықталды

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не қарасты С.Балғымбаев кен алаңының оқу-жаттығу полигоны аумағында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның «Үздік маман-2019» сайысының 2-тур іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті. Екі күн бойы Компанияның құрылымдық бөлімшелерінен 70-тен астам ембілік мұнайшы мұнай-газ саласы бойынша мамандықтың 13 түрінен өзара сынға түсті. **(Басы. Жалғасы 6-бетте).**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

10

ҚАДАМ

Жұмыс орнының
эргономикасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Эргономика – бұл жұмыскерлердің мүмкіндіктеріне, өлшемдеріне және қажеттіліктеріне сәйкес еңбек үрдістері мен жұмыс ортасын бейімдеу жайлы ілім.

Эргономикалық шарттар еңбектің психоәлеуметтік аспектілеріне, адамның жұмыс ортасымен қанағаттандыруына, жұмыскердің деңсаулығы мен әл-ауқатына әсерін тигізу мүмкін. Мысалы, нашар эргономикалық жағдайлардың нәтижесіндегі дискомфорт пен жөнсіздік, жұмыскердің стресске және психологиялық бұзылыстарға сезімталдығын үдетеді және де стресстің соматикалық әсерін күшейтеді.

Ең алдымен, жұмыс орны еңбек қорғау мен қауіпсіздік талаптарына сай бо-

луы тиіс. Бұдан басқа, ол ыңғайлы болу керек, яғни, антропометрлік, физиологиялық және психологиялық талаптарға және жұмыс түріне (отырып немесе тұрып жұмыс істеу) сай болу керек.

Жұмыс орнын ұйымдастырғанда, жұмыскер еңбек үрдісі бойында жеңіл қозғалуы, құрылғы қызметін көрсету мақсатында барлық қимылдарды орындауы, дыбыс және көру мағлұматтарды жақсы қабылдауы тиіс. Бұдан басқа, жұмыскер апат жағдайларында жұмыс орнын шұғыл түрде тастау мүмкіншілігіне ие болу керек.

Көзге және омыртқа жотасына ауыртпалықты азайту мақсатымен жұмыс орнын ұйымдастыру қажет. Монитор көз деңгейінде болу керек, үстел шетінен

клавиатураға дейінгі аралық шамамен 30 см және одан көп болуы тиіс. Монитор мен жұмыскерге дейінгі аралық 70 см кем емес болуы тиіс, бұл «компьютерлі көру синдромын» алдын-алуға көмектеседі. Орындық биіктігі жұмыскер бойына сай таңдалады, яғни, ол сирақ ұзындығымен тең болу керек. Жұмыскерлер көздерінің талуын алдын-алу мақсатында, үзіліс уақыттарында (10-15 минут), көзге арнайы жаттығулар және де жұмыс қабілеттілігін қалыптандыру үшін жеңіл физикалық жаттығулар жасау қажет.

Жұмыс орны ыңғайлы және дұрыс жарықтандырылған болу керек, жарық өрісі жұмыс кеңістігінің барлық ауданына біркелкі таралуы тиіс, жарық сәулесі тікелей көзге түспеуі керек. **Е**

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бірегей меморандумға қол қойды

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыру туралы бірегей меморандум қабылдады. Құжатқа Қордың басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев қол қойды.

Меморандум аясында тұрмысы нашар, көпбалалы немесе қиын жағдайға душар болған жанұяларға, қарттарға, мүгедектерге, ардагерлерге, кәмілетке толмаған балалар мен жастарға қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында бірлесіп жұмыс атқарылады.

Атап айтқанда, тараптар Қазақстанда емделмейтін ауруларға душар болған кемінде 100 баланы шетелге жібереді, аутизм диагнозы бар кемінде 100 балаға медициналық ем жасалуын қамтамасыз етеді, сал ауруына шалдыққан 1500 балаға медициналық реабилитация, және шалғайдағы елді мекендерде тұратын тағы 60 000 адамға медициналық көмек көрсетеді.

Бұған қоса, балалардың денсаулығын күшейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатымен кемінде 1500 баланы қамтитын аула клубтарын



жетілдіру жалғастырылады, шалғай елді мекендерде тұратын 600 балаға Қазақстан бойынша экскурсия өткізіледі, Ұлы отан соғысының 1400 ардагері мен тыл еңбеккерлеріне әлеуметтік көмек көрсетіліп, Қазақстан мен ТМД елдерінде темір жолмен тегін жүру ұсынылады, кем дегенде 40 әмбебап спорт және ойын алаңдары салынады.

Сонымен қатар, жасы 18-ге толмаған кемінде 30 бала мен жасөспірімнің интеллектуалдық, шығармашылық немесе спорт сайыстарына баруы үшін жол шығындарын көтеріп алу жоспарланған. Жоғарғы оқу орындарының 30 дарынды түлегін іріктеп алып дамыту, кемінде 60 түлекті өндіріс салаларын цифрландыру жобаларында тәлімгерлік бағдар-



ламаға қабылдау және жұмысқа орналастыру қарастырылған.

Меморандум кем дегенде 50 коммерциялық емес ұйымның бастамаларына қаржылық және басқа да көмек көрсету арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, мүгедектер ұйымдарын қолдау мақсатымен олар өндірген тауарларды ереже шеңберінде сатып алу мәселелерін қамтиды.

- Бұл келісімге Елбасының «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты белсенді әлеуметтік саясатты қолдау және дамытуға арналған бағдарламасының шеңберінде қол қойылды. Меморандум әлеуметтік саланы дамыту, кей санаттағы азаматтардың тұрмыс деңгейін көтеру және әлеуметтік баста-

маларды іске асыру мақсатымен күшжігерімізді біріктіруге мүмкіндік береді, - деп атап өтті «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов.

Өз кезегінде Бердібек Сапарбаев бұл бағыттағы бірлескен жұмыс әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын ашатынын айтты.

- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының мәселелері, атап айтқанда, көпбалалы және тұрмысы нашар отбасыларды, жетім балаларды тұрғын үймен қамту – мемлекет пен бизнестің бірлесіп шешуін талап ететін өткір тақырып, - деп қорытындылады министр.

«Самұрық-Қазына» холдингіне кіретін барлық компаниялардың атынан қайырымдылық қызметті атқаратын - «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры. 2019 жылы аталған қор жалпы құны 4,8 млрд. теңге болатын, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған 15 жобаны жүзеге асырып отыр. Сал ауруына шалдыққан 1170 балаға тегін оңалту курстары ұйымдастырылды. Мектеп жасындағы 9000-нан астам жасөспірім Қордың қолдауымен оқу және спорт үйірмелеріне тегін қатысып жүр. **Е**

www.sk.kz

ҚМГ және ЛУКОЙЛ компаниялары «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды

2019 жылғы 7 маусымда Петербург халықаралық экономикалық форумы шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Президенті Вагит Алекперов «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды.

Қол қойылған құжатқа сәйкес, екі компания ынтымақтастықтың негізгі шарттарын келісті және Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан «I-P-2» жобасын бірлесіп іске асыруға дайын екендерін білдірді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тараптар «I-P-2» теңіз учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсатында Қазақстан Рес-

публикасының Энергетика министрлігімен келіссөздердің келесі кезеңін өткізуді жоспарлап отыр. Келесі кезең көмірсутек шикізатын барлау мен өндіруге келісімшарт жасау және учаскеде жұмыс істеу үшін бірлескен кәсіпорын құру болады деп жоспарлануда.

«I-P-2» лицензиялық блогы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан. Блок маңындағы судың тереңдегі 300-ден 400 метрге дейін, жағаға дейінгі қашықтық – 130 шақырым. Блок маңында әр жылдары 2D сейсмикалық жұмыстар жүргізілген еді.

«Серіктестеріміз – «ЛУКОЙЛ» компаниясының Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеруде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-

мен ынтымақтастықты кеңейту туралы бастамасын құп көреміз. I-P-2 жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойылуы біздің екіжақты серіктестік қарым-қатынасымыздың одан әрі дамуына серпін беретініне сенімдімін», - деп атап айтты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ ынтымақтастығы стратегиялық болып табылады. Компаниялар Қарашығанақ, Теңіз, Құмкөл ірі жобалары, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумы мұнай тасымалдау жобасы бойынша серіктестік орнатқан.

2019 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі,



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ арасында «Жеңіс» теңіз учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарт жасалды. **Е**

www.kmg.kz

ҚМГ-ның 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған өндірістік және қаржылық нәтижелері

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның жетекші тікелей-интеграцияланған мұнай-газ компаниясы, ХҚЕС-ке (Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына) сәйкес 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялайды.

2019 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік көрсеткіштер:

Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі өткен жылдың осындай кезеңінен 4,7%-ға ұлғайып, 2 173 млн. м³ құрады; Мұнай тасымалдау көлемі 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,7%-ға ұлғайып, 19 660 мың тонна болды;

Табиғи және ілеспе газды өндіру өткен жылдың осындай кезеңдегіден 4,7%-ға ұлғайып, 2 173 млн. м³ құрады;

Газ тасымалдау көлемі 2018 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 3,6%-ға азайып, 25,9 млрд м³ құрады;

Көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 1,1%-ға артып, 4 901 мың тонна болды. Осы көрсеткіш қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарындағы 3 306 мың тонна мөлшеріндегі және Румыниядағы KMG International («KMG I») зауыттарындағы

1 595 мың тонна мөлшеріндегі көлемді қамтиды. Мұнай өнімдері өндірісінің жалпы көлемі есептік кезең ішінде 0,9%-ға артып, 4 597 мың тонна болды;

Жеке өндірілген мұнай мен конденсат сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 1,8 %-ға өсіп, 5 922 мың тоннаны құрады.

2019 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық көрсеткіштер:

2019 жылдың бірінші тоқсанындағы түсім 20,5%-ға өсіп, 1 765 млрд теңгені (4 673 млн АҚШ доллары) құрады;

2019 жылдың бірінші тоқсанындағы таза пайда 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 51,4%-ға, 309

млрд теңгеге дейін (819 млн АҚШ доллары) өсті;

Құрделі шығындар есептік кезең ішінде 73 млрд теңгені (194 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2018 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштен 10,4%-ға төмен;

EBITDA көрсеткіші 2018 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткішпен салыстырғанда 27,1%-ға өсті және 517 млрд теңгені (1 370 млн АҚШ доллары) құрады;

Компанияның таза қарызы 2019 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша 2 356 млрд теңгені (6 200 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы көрсеткіштен 9,9%-ға жоғары. **Е**

www.kmg.kz

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзі

Қадірлі қауым!

Менің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарым – бұл үлкен міндеттің алдындағы халықпен кеңесу болды. Енді біз қоғамдағы өзекті мәселелерді айқын көріп отырмыз. Оның шешу жолдарын білеміз.

Бүгін халықты, ең алдымен, не мазаалайды? Ең бірінші, азаматтар барлық жерде әділдік орнауын қалайды. Әлеуметтік саясаттан бастап мемлекеттік органдардың халыққа әділ қызмет көрсетуін талап етеді.

Халықты толғандырып отырған бас табыс мәселе – табыс көлемінің азаюы.

Халықаралық қаржы нарықтарының тұрақсыздануы, теңгенің девальвациясы халықтың табысына кері әсер етті.

Миллионнан астам азаматтарымыз банктен несие алуға мәжбүр болды.

Табысы жоғары және төмен азаматтардың арасындағы алшақтық – біздің қоғамды мазаалайтын тағы бір өзекті мәселе. Әрине, мұндай құбылыстар бүкіл әлемде бар, дегенмен тоқмейілісіп отыра беруге болмайды. Сондықтан, дәл осы өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселені

шешу үшін ортамерзімді кешенді шаралар қабылдау қажет.

Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл халі – көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан, елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек.

Келесі өзекті мәселе – халықты сумен қамтамасыз ету. Таза ауыз су әрбір үйде, әрбір отбасында болуы міндет.

Тағы бір маңызды, халықты мазаалайтын мәселе. Бұл – жолдардың сапасы. Сол себепті автожолдардың жағдайын жақсарту – біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі.

Масштабной задачей в реалиях XXI века является цифровизация. Она должна затронуть все сферы жизни: от оказания государственных услуг до создания новых отраслей экономики будущего.

Развитие страны, включая политический прогресс, прямо связан с цифровизацией.

Она качественно изменит содержание отношений между государством и обществом. Поэтому утвержденная Елбасы государственная программа «Цифровой Казахстан» должна быть исполнена.

Наших граждан сильно волнует развитие диалога власти и общества.

Такой диалог должен строиться на признании плюрализма мнений. Разные мнения, но единая нация. Вот главный ориентир. Поэтому я решил создать Национальный Совет общественного доверия. В Совет войдут представители всего общества, включая молодежь. Власть обязана выполнять свои обещания перед народом. В этом заключается ее главная миссия. Только так можно укрепить единство нации и стабильность в стране. Поэтому будет разработан предметный План реализации моей предвыборной Платформы.

Келесі маңызды бағыттарға баса мән беруіміз керек.

Бірінші бағыт. Халықтың табысын арттыру.

Екінші бағыт. Сыбайлас жемқорлықты жою.

Үшінші бағыт. Сот және құқық қорғау жүйесін реформалау.

Төртінші бағыт. Жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жақымен қамту.

Бесінші бағыт. Тұрғын үй мәселесін шешу.

Алтыншы бағыт. Әділетті әлеуметтік саясат.

Жетінші бағыт. Өңірлерді дамытудың жаңа бағдары.

Сегізінші бағыт. «Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді.

Девятое. Внешняя политика.

Мы продолжим конструктивный, сбалансированный, многовекторный внешнеполитический курс. Будем твердо продвигать и отстаивать национальные интересы на мировой арене.

Десятое. Особо хочу обратиться к молодому поколению.

Елбасы объявил 2019 год Годом молодежи. Начал работать специальный проект «Жастар – ел тірегі».

Мы реализуем программу развития бизнес-инициатив молодежи «Жас кәсіпкер», будем поддерживать молодые стартапы. Внедрим программы трудоустройства молодежи.

Для продвижения молодых талантливых управленцев на все уровни государственной службы будет сформирован «Президентский кадровый резерв».

www.akorda.kz

Сайлау-2019

Елдегі тұрақтылықтың кепілі

Президенттік сайлау – өркениет көшіне бағыт алған елдерде әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын байқататын негізгі тетік. Халықтың мүддесіне сай келетін тарихи маңызды шараға белсенділікпен қатысу елдің ертеңгі болашағына алаңдайтын әрбір саналы азаматтың борышы деп түсінемін. Елдің ішкі ахуалын ескере отырып, уақытты созбай жергілікті халықтың ел басшысын таңдауы өркениетті елдердің тәжірибесінде бар. Осыған орай, кезектен тыс Президент сайлауын өткізу елдің ішкі-сыртқы саясатын көздей оты-

рып қолға алынған маңызды шара деп бағалау керек.

Тәуелсіз еліміздің тарихында аса маңызды саналатын саяси науқанды шараға ембілік мұнайшылар жоғары белсенділікпен қатысты. Атырау өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың жоғары деңгейде орындалуында үнемі көш басынан табыла білетін Компания ұжымы бұл орайда да белсенділіктерімен ерекшеленді. Бес мыңнан астам адам еңбек ететін «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымының сайлауға қатысуы - 96,9 %-ды құрады. Ембілік «қара алтын» өндірушілер өздерінің бірлігін, ұжымшылдық тұтасын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.

Таңдауымызды жасадық

Әрбір саналы азамат елде тыныштық орнап, алаңсыз еңбек етсек, балаларымыз бейбіт елде тәрбие алып, оқыса деген мақсатпен тіршілік кешеді. Осы оймен 9-маусымда өткен кезектен тыс президенттік сайлауға жақсы көңіл-күймен қатыстық.

Мен сол сайлауда өз таңдауымды жасадым. Мен үшін ең маңыздысы елдегі тұрақтылық. Тұрақтылық орнаған елге мол инвестиция келеді, инвестиция дегеніміз елде қолға алынған жаңа жобалардың жүзеге асуына жасалған мол мүмкіндік.

Бүгінде қазақ елін танымайтын мемлекет жоқ. Шет елдіктерді алдымен қызықтыратыны қазақ елінде орнаған татулық. Қазақ елі тәуелсіз, қуатты мемлекетке айналсын деген ниеттегі әрбір қазақстандық сайлауда өз таңдауын жасауға құқылы. Біздің елде таңдауға мүмкіндік жасалған. Міне, мен тыныштық, бірлік, татулық үшін өз дауысымды бердім.

Дидар ДӘУЛЕТОВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің инженері.

Сайлауға қатысу - жастардың азаматтық парызы

Біздің мемлекет жастарды жан-жақты қолдау шараларына баса назар аударып отыр. Елдегі тың жобалардың дамуы жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігіне байланысты. Қазақстандықтардың 4 миллиондайы жастар десек, олар келешектің тұтқасын ұстап, еліміздің мызғымас тірегіне айналмақ.



Бұған біздің елде мол мүмкіндік бар. Мен осы үшін елдегі бүгінгі саясатты қолдап, өз дауысымды бердім.

Ерболат ЖҰМАҒАЛИЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай
мұнай-газ өндіру цехінің мұнай-газ
өндіру операторы.



Ембіліктер 8 баспананың кілтін тапсырды

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің бір күндік жалақысы есебінен Атырау облысының Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылыой, Қызылқоға аудандарындағы көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған, баспанасы жоқ 8 отбасыға жаңа баспана алынып берілді.

Рамазан - қайырым мен қамқорлық айы. Жүрегіңде иманы бар әрбір мұсылман осы айдың мүмкіншілігін барынша пайдаланып қалуға тырысады. Мұқтаж жандарға көмек көрсету, қиналған адамды қолдау, иығынан демей – халқымыздың бойына сіңген жақсы қасиеті.

Рамазан айы қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы қайырымдылық науқанын ұйымдастырды. Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компания ұжымына үндеу жариялап, онда қайырымды айда мұқтаж жандарға қамқорлық жасауға үндеп, бір күндік жалақы есебінен баспанасыз жүрген, көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған жерлестерімізге қол ұшын созуға шақырды. Ұжым мүшелері үндеуді бірауыздан қолдап, үлкен қаражат жиналды. Арнайы комиссия құрылып, аудан әкімдіктерімен бірлесе отырып, тұрмыс жағдайы нашар отбасылардың тізімі жасалынды. Тізім бойынша көмекке мұқтаж жандардың жағдайлары толық, жан-жақты зерттелінді. Комиссия мүшелерінің аудандардағы 2 апта-

лық жұмыстарынан соң, облыстың бес ауданынан сегіз отбасыға баспана сатып алып беру туралы шешім алынды.

Әлеуметтік көмекке зәру отбасылар үшін сатып алынған жаңа қоныстың кілтін табыстау шарасы Атырау облысы Құрманғазы ауданынан бастау алды. Құрманғазы ауданының орталығы Құрманғазы ауылында отбасында 6 бала тәрбиелеп отырған Виктор мен Анастасия Кимге 3 бөлмелі үй берілді.

Салтанаты шарада «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков құрманғазылықтар алдындағы сөзін ембілік мұнайшылардың бұл сауапты іске баруларына ненің қозғау салғанынан бастады.

- Ағымдағы жылдың наурыз айында Атырау облысындағы арнайы сапарлары кезінде ҚР Премьер-министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова мен еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев ірі өндіріс басшыларымен, бизнес өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларын қолдап, тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектесу мәселесі қозғалды. Осыған орай өзім жетекшілік ететін Компания ұжымына Рамазан айы қарсаңында бір күндік жалақылары есебінен мұқтаж жандарға қол ұшын созу жөнінде үндеу тастадым. Ембілік мұ-





найшылар менің үндеуіме бірауыздан қолдау көрсетіп, нәтижесінде біраз қаражаттың басы жиналды. Міне, ембілік мұнайшылардың үлесімен облыста 8 көп балалы отбасы баспаналы болып отыр, - деді өз сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Баспана тапсыру салтанаты шарасы Исатай ауданының Исатай стансасында жалғасты.

Көп балалы Бауыржан Сүлейменовтың отбасы ауылдағы толықтай күрделі жөндеуден өткен, 3 бөлмелі жаңа пәтерге ие болды. Көп балалы отбасындағы он баланың енді заман талабына сай тәрбие алуларына мол мүмкіндік жасаған ембілік мұнайшылардың қамқорлығына ауыл әкімі Ұлболсын Хисым жергілікті тұрғындар атынан шексіз алғысын білдірді.

Дәл осы күні Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосында да көп балалы отбасы жаңа баспананың кілтін ие болды. Арман Оразақов - 5 баланың әкесі. Отағасы өзінің денсаулығына байланысты жұмыссыз, жұбайы бала тәрбиесімен үйде отыр. Отбасының қиын жағдайын ескерген ембіліктер Аққыстау селосындағы толық жөндеуден өткен 3 бөлмелі баспананы тарту етті.

Қызылқоға ауданы бойынша екі бірдей жаңа баспана тапсырылды. Мұқыр ауылындағы тәрбиесінде 3 баласы бар жалғыз басты ана А. Бакишева мен Жа-

мансор елді мекеніндегі екі қызы бар жалғызбасты әке Е.Ерсайын жаңа қонысқа ие болды.

Баспана тапсыру салтанатты шарасы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында жалғасып, оған жергілікті қарттар, аудан әкімшілігінің жауапты мамандары, ардагер мұнайшылар қатысты. Жаңа пәтерге ие болған 5 балалы жалғыз басты ана Г.Қарамолдиева ембіліктерге жүрек жарды алғысын жеткізіп, қуаныштан көзіне жас алды.

Бір аптаға созылған қайырымдылық шаралары Мақат ауданында қорытындыланды. Мақат кентінің тұрғыны Г.Әбденнова - 7 бала тәрбиелеп отырған көп балалы ана. Көп балалы жанұяны қинаған баспана проблемасын түсіне білген ембілік мұнайшылар оларға жаңа пәтердің кілтін ұсынды. Осы аудандағы Доссор кентінің тұрғыны Айгүл Сейітова - 6 бала тәрбиелеп отырған жалғыз басты ана. Өзі жұмыссыз. Отбасының тұрғылықты мекен-жайі болмағандықтан мемлекет тарапынан берілетін атаулы көмек те бұларға тиесілі болмаған. Қиналған отбасыға қол ұшын созған мұнайшылар оларға жаңа баспананы тарту етті.

Шара кезінде жаңа баспанаға ие болған барлық отбасыларға азық-түлік қорынан да көмектер ұйымдастырылды. **Е**

«Үздік маман - 2019»: Ембіде үздіктер анықталды

Жалғасы. Басы 1-бетте

- Биыл бесінші жыл қатарынан «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кен алаңы базасында кәсіпорнымыздың үздік мұнайшылары бас қосып келеді. Соңғы жылдары байқаудың ерекшелігі – қатысушылардың көбі жастар болып отыр. Соның ішінде, биыл бесеуі – Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша компанияға жұмысқа қабылданған жас мамандар. Олар өз басқармаларында өткен байқаудың I турында тәжірибелі әріптестерінен үздік шығып, екінші кезеңге жолдама алды. Өндіріске жас мамандар келіп, олардың арасынан үздік мамандардың тәрбиеленіп шығуы – компанияның қол жеткізген үлкен жетістігі деп санаймын, - деп атап өтті байқаудың жабылу салтанатында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Корпоративті байқаудың II іріктеу турнирінде әр номинация бойынша үздіктер төмендегідей анықталды:

«Мұнай-газ өндіру операторы» номинациясы бойынша:

I орын – Ерболат ЖҰМАҒАЛИЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Айбек ТҰРСЫНБЕК («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Ислам САБЫР («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

«Ұңғымаларды зерттеу операторы» номинациясы бойынша:

I орын – Абылайхан ЖҰМАҒАЗИЕВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Абай ТЕКЕЕВ («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Ернар ТЕЛЖАН («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

«Мұнайды дайындау операторы» номинациясы бойынша:

I орын – Арслан ДЖИЕНАЛИЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Нұрлан САПАРОВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Қуандық ҚОНАНОВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

«Сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы» номинациясы бойынша:

I орын – Асылбек КӨШЕКЕНОВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Мұрат ҚОСУБАЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Мұрат УРБИСИНОВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

«Жер қабаты қысымын сақтау операторы» номинациясы бойынша:

I орын – Берекет ЕЛЕУЛИЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Руслан АБДРАХМАНОВ («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Аслан КАТПЕНОВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

«Ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы (бригада)» номинациясы бойынша:

I орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бригадасы: Равиль ЕСМҰХАНОВ, Әміржан ҚОЙШЕКЕНОВ, Мақсат ШАРИЕВ;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бригадасы: Келдібай САРИЕВ, Аманқос ШОНОВ, Тоқтамыс ҚЫМЫЗҒАЛИЕВ;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бригадасы: Нияз СМАИЛОВ, Жандарбек ҚҰЛЖАБАЙ, Ерлан ТАСМАҒАМБЕТОВ;

«Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеуші» номинациясы бойынша:

I орын – Асқар ҚАРЫМСАҚОВ («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Бекболат ТӘЖМҰРАТОВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Жанболат МАСҚАРОВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

«Электр газбен дәнекерлеуші» номинациясы бойынша:

I орын – Әділбек МҰХАМБЕТҚАЛИЕВ («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Мұрат АБДИЕВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Ербол АТАГУЗИЕВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

«Токарь» номинациясы бойынша:

I орын – Әлібек ТЛЕПҚАЛИЕВ («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Нұрсейіт ҚОҢЫРБАЕВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Айболат ЖҰМАКАЛИМОВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

«Электр монтері (бригада)» номинациясы бойынша:

I орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының бригадасы: Әлібек ТӨЛЕПОВ және Серік ҚОЙШЫБАЕВ;

II орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Мақат» аудандық электр торабының бригадасы: Бекназар АҚМУРЗИЕВ және Аршат ШАМАЙ;

III орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торабының бригадасы: Қазбек ЕРЖАНОВ және Рүстем МЫРЗАҒАЛИЕВ.

«Химиялық талдау жасау зертханашысы» номинациясы бойынша:

I орын – Ләззат ИДИРКЕНОВА («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Данияр УМАРҒАЗИЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Айсәуле ҚУАТОВА («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

«ЦА арнаулы көлігінің машинисі» номинациясы бойынша:

I орын – Нұржасар ГАЛИЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Айболат РАХМАНОВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Нұрлыбек ЖҰМАҒАЛИЕВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

«Жүк таситын көлік жүргізушісі» номинациясы бойынша:

I орын – Аманқос ҚҰРМАШЕВ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Амандық ТӨЛЕШЕВ («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Нұриахмет ЕРМЕКОВ («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

Жалпыкомандалық есеп бойынша:

I орынды - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымы;

II орынды - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымы;

III орынды «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы иеленді.



Жүлделі орындарды иеленген барлық үздік мамандар арнайы дипломмен, ақшалай сертификатпен және имидждік сыйлықпен марапатталды. Байқау жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ шеңберінде өтетін финалдық кезеңге жолдама алды.

ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! **Б**

ҚМГ спартакиадасы: Атырауда I топ іріктеу турнирі мәресіне жетті

Атырауда Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы еншілес және тәуелді ұйымдары арасында спартакиадасының I тобының іріктеу кезеңі өтті.

Екі күнге созылған додада «Ембімұнайгаз» АҚ командасынан басқа «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Казгермұнай» БК» ЖШС, «Argymak Trans Service», «Тұлпар Мұнай Сервис», «Технологиялық бақылау және ұңғымаларға қызмет көрсету» (ТБЖҰҚК) компанияларынан 200-дей спортшы жарыс алаңына шықты.

Сегіз спорт түрінен, атап айтсақ, кіші футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, армрестлинг, тоғызқұмалақ, шахмат, жүзуден жарыстар облыс орталығындағы төрт спорттық нысанда өтті. Қызықты да тартысқа толы турнирге қатысушыларға қош келдіңізін білдіріп, алғысын білдірді.

- Бұл жарыс дәстүрге айналды. Себебі, бұл жарыс жыл сайын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына кіретін кәсіпорында қызметкерлерінің корпоративті рухын өсіріп, әріптестер арасында ауызбіршілік пен достықты қалыптастырады. Биыл бұл спартакиада Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналып отыр. Өздеріңіз білесіздер, қазақ мұнайының тарихы Атырау жеріндегі Қарашүңгіл кен алаңында мұнайдың атқылауынан басталды. 120 жылдық мерейтой қарсаңында сіздерді қарсы алып отырғанымызға қуаныштымын, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

Спартакиаданың іріктеу кезеңі келесі нәтижелермен аяқталды:

Үстел теннисі (ерлер):

I орын – Талап БАРБОЛОВ, «Тұрпармұнайсервис» ЖШС;

II орын – Мэлс КИМ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

III орын – Бекзад ШАДКАМ, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Үстел теннисі (әйелдер):

I орын – Марина КИМ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

II орын – Жанар ҚАРЖАУБАЕВА, «Қаражанбасмұнай» АҚ;

III орын – Тамара САБИРОВА, «Ембімұнайгаз» АҚ.

Тоғызқұмалақ (ерлер):

I орын – Бекнұр ҒАБДЫРАСЫЛҰЛЫ, «Қаражанбасмұнай» АҚ;

II орын – Қайрат ТОЙБОЛОВ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

III орын – Сырым МҰРАТОВ, «Ембімұнайгаз» АҚ.

Тоғызқұмалақ (әйелдер):

I орын – Бейбітгүл ӨБДІРАЗМАНОВА, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

II орын – Айна АЙМАҚОВА, «Ембімұнайгаз» АҚ;

III орын – Жанар ЮСУПОВА, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Армрестлинг (ерлер, -80 кг):

I орын – Ерхан КЕЛДІБАЙҰЛЫ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

II орын – Ерлан КОЙЛЮБАЕВ, «Argymak Trans Service» ЖШС;

III орын – Жұмат САҒЫНДЫҚОВ, «ТБЖҰҚК» ЖШС.

Армрестлинг (ерлер, +80 кг):

I орын – Бахтияр ТӨЛЕУБАЕВ, «Қаражанбасмұнай» АҚ;

II орын – Қанжар СЫДЫҚОВ, «Argymak Trans Service» ЖШС;

III орын – Наурызбек ЖҰМАҒАЛИЕВ, «Тұрпармұнайсервис» ЖШС.

Армрестлинг (әйелдер, -65 кг):

I орын – Қарашаш УМИРЗАКОВА, «Ембімұнайгаз» АҚ;

II орын – Құралай АҚЖІГІТОВА, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Армрестлинг (әйелдер, +65 кг):

I орын – Майра АМАНОВА, «Ембімұнайгаз» АҚ;

II орын – Әлия ШАЙТЫМОВА, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

III орын – Сара АКАЕВА, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Жүзу (ерлер, 100 м):

I орын – Гани ЧАЛАБАЕВ, «Тұрпармұнайсервис» ЖШС;

II орын – Вадим ЮРТАНОВ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

III орын – Руслан АСАНОВ, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

Жүзу (әйелдер, 50 м):

I орын – Елена ТУБАКИНА, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

II орын – Айнур ТАНКАШЕВА, «Ембімұнайгаз» АҚ.

Шахмат (ерлер):

I орын – Ерлан ҚАСЫМХАНОВ, «Казгермұнай» БК» ЖШС;

II орын – Есенғали САТИМОВ, «Argymak Trans Service» ЖШС;

III орын – Ерлан ЖҰМАҒАЛИЕВ, «Ембімұнайгаз» АҚ.

Әйелдер арасында шахматтан «Ембімұнайгаз» АҚ-нан басқа командалардан өтінім түспеуіне байланысты финалдық кезеңге ЕМГ атынан Ақмәт УСАЛИЕВА жолдама алды.

Волейбол (ерлер):

I орын – «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы;

II орын – «Қаражанбасмұнай» АҚ құрама командасы;

III орын – «ТБЖҰҚК» ЖШС құрама командасы.

Волейбол (әйелдер):

I орын – «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы;

II орын – «Қаражанбасмұнай» АҚ құрама командасы.

Баскетбол:

I орын – «Казгермұнай» БК» ЖШС құрама командасы;

II орын – «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы;

III орын – «Қаражанбасмұнай» АҚ құрама командасы.

Кіші футбол:

I орын – «Казгермұнай» БК» ЖШС құрама командасы;

II орын – «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы;

III орын – «Argymak Trans Service» ЖШС.



Барлық жүлдегерлер диплом, медаль, куботкрамен марапатталды. Сонымен қатар, жүлделі I орынды иемденген қызметкерлер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2019 жылғы Спартакиадасының финалдық кезеңіне жолдама алды. Командалық спорт түрлері бойынша үздік ойын өрнегін көрсеткен мұнайшылар жекелеген номинациялар бойынша марапатталды.

Жарыстың жабылу салтанатында жарысқа қатысушы компаниялардың өкілдері сөз алып, іріктеу турнирінің өте тартысты және ұйымшылқыпен өткенін атап өтіп, ұйымдастырушы «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы мен ұжымына алғыс білдірді. **Е**

Қызмет көрсету аумағын кеңейту өзекті

«КазПетроТранс» ЖШС - «Ембімұнайгаз» АҚ-мен тығыз байланыста келе жатқан байырғы мердігер мекемелердің бірі. Ембі кен алаңдарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту мен тауар тасымалдау, сонымен қатар, Компанияға қарасты басқарма жұмысшыларына тасымалдау қызметтерін көрсету – жұмыстары мердігер мекеменің негізгі міндеті.

1946 жылы алғашында жол учаскесі болып құрылған кәсіпорын бірнеше қайта құрылымдарды бастан кешірген. 1987 жылы КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі мен «Ембімұнайгаз» ӨФ тапсырыстары бойынша жол жөндеу және құрылыс басқармасы (ДРСУ) болып қайта құрылса, 2008 жылы «Жылойкөлік» ЖШС-мен біріктірілді.

Бүгінде аталған жауапкершілігі шектелген серіктестік ұжымы Ембі кен алаңдарының Құлсары, С.Балғымбаев, Доссор, Қарсақ, Молдабек, Прорва, Те-

рең-өзек кеніштерінде табысты еңбек етіп жүр. Аталмыш кеніштерде серіктестіктің жұмысшыларына арналған жатақханасы, асханасы мен жабық автокөлік алаңдары орналасқан.

Отандық мұнай өндіруші компания арасындағы әріптестік байланысты нығайту мақсатында жұмысты жаңаша құруды кәсіпорын басшылығы үнемі назарда ұстайды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында «КазПетроТранс» ЖШС-де соңғы 2 жыл ішінде автопарк 65 пайызға жаңартылды. Нақты сандарға жүгінсек, 18 жоғары комфортабельді және вахта тасымалдайтын автобус, 30-дан астам тасымал автокөлігі алынған. Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, автокөлік пен арнайы көлік паркін толықтай жаңарту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, сұраныс

беруші кәсіпорындарға қызмет көрсетумен қатар, әріптестік байланыс аумағын кеңейту үшін еліміздің өзге өңірлерімен де байланыс орнатылуда. Бүгінгі таңда Қарағанды облысы-

ның Теміртау қаласында тасымалдау жұмыстары жолға қойылған. Сонымен қатар, алдағы уақытта жақын шет елдердегі кәсіпорындармен де әріптестік байланыс орнату назарда тұр. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі